

01.01.2024 ж. БАСТАП
ЖЕКЕШЕ НОТАРИУСТЫҢ НОТАРИАТТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕР ЖАСАҒАНЫ ҮШІН МЕМЛЕКЕТТІК
БАЖ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАҒЫ ҚОСЫМША
ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ АҚЫСЫ

ҚР Салық кодексінің 611-бабына және ҚР Нотариат туралы Заңының 30-1 бабына сәйкес
мемлекеттік баж АЕК-тен 3 692 теңге алынады



М.О.

Нотариаттық әрекеттер түрлері	Мем. баж	Техникалық және құқықтық сипаттағы қызметтер		Барлығы
		АЕК	теңге	
сенімхат (басқа) - жеке тұлғалар	369	1	3 692	4 061
- заңды тұлғалар	1 846	2	7 384	9 230
мүлікті пайдалану және оған билік ету құқығына сенімхат	1 846	2	7 384	9 230
автокөлік құралын сату құқығынсыз оны пайдалану және басқару құқығына сенімхат	3 692	1	3 692	7 384
автокөлік құралдарын, автотіркемелерді сату, сыйға тарту, ауыстыруға сенімхат	7 384	2	7 384	14 768
құжаттардың көшірмесі мен құжаттардың үзінді көшірмесінің дұрыстығын куәландыру (әр бетіне):				
- жеке тұлғалар	185	0,05	185	370
- заңды тұлғалар	369	0,07	258	627
құжаттардағы қойылған қолтаңбаның төлнұсқалығын, сондай-ақ құжаттардың бір тілден екінші тілге аудармасының дұрыстығын куәландыру (әрбір құжат үшін):				
- жеке тұлғалар	111	0,5	1 846	1 957
- заңды тұлғалар	369	1	3 692	4 061
екінші деңгейлі банктерде шоттарды ашқан кезде қолтаңбаның төлнұсқалығын куәландыру (әрбір құжат үшін)				
- жеке тұлғалар	369	0,3	1 108	1 477
- заңды тұлғалар	1 846	0,5	1 846	3 692
автомотокөлік құралдарын иеліктен шығару шарттары:				
- егер тараптардың бірі заңды тұлға болып табылса,	25 844	5	18 460	44 304
- балаларына, жұбайына, ата-анасына, туған аға-інілері мен апа-қарындастары мен сіңлілеріне, немерелеріне	7 384	2	7 384	14 768
- басқа тұлғаларға	18 460	5	18 460	36 920
қалалық жерлердегі				
жылжымайтын мүлікті (жер учаскелерін, тұрғынжайларды, саяжайларды, гараждарды, құрылыстар мен өзге де жылжымайтын мүлікті) иеліктен шығару туралы шарттар:				
- егер тараптардың бірі заңды тұлға болып табылса;	36 920	7	25 844	62 764
құны 30 АЕК-ден жоғары:				
- балаларына, жұбайына, ата-анасына, туған аға-інілері мен апа-қарындастары мен сіңлілеріне, немерелеріне;	18 460	2	7 384	25 844
- басқа тұлғаларға;	25 844	5	18 460	44 304
- егер мәміле ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша алынған қаражат есебінен жылжымайтын мүлікті сатып алу мақсатында жасалатын болса.	7 384	2	7 384	14 768
Құны 30 АЕК-ге дейін:				
- балаларына, жұбайына, ата-анасына, туған аға-інілері мен апа-қарындастары мен сіңлілеріне, немерелеріне;	3 692	2	7 384	11 076
- басқа тұлғаларға.	11 076	5	18 460	29 536
ауылдық жерлердегі				
жылжымайтын мүлікті (жер учаскелерін, тұрғын үйлерді, пәтерлерді, саяжайдарды, гараждарды, құрылыстар мен өзге де жылжымайтын мүлікті) иеліктен шығару туралы шарттар:				

- егер тараптардың бірі заңды тұлға болып табылса;	3 692	2	7 384	11 076
- балаларына, жұбайына, ата-анасына, туған аға-інілері мен апақарындастары мен сіңділеріне, немерелеріне;	1 846	1	3 692	5 538
- басқа тұлғаларға.	2 584	2	7 384	9 968
жалдау, қарыз, (ипотекалық тұрғын үй қарызы шарттарын қоспағанда), кепілақы, лизинг, мердігерлік шарттарын, неке келісімшарттарын, ортақ меншіктегі мүлікті бөлу, мұрагерлік мүлікті бөлу шарттарын, алименттерді төлеу жөніндегі келісімдерді, құрылтай шарттар	18 460	5	18 460	36 920
өзге де кепіл шарттары	25 844	3	11 076	36 920
жылжымайтын мүліктің кепілзаты шарттары, ипотекалық тұрғын үй займдары бойынша талап ету құқықтары мен ипотекалық қуәландыру	7 384	2	7 384	14 768
ипотекалық тұрғын үй займы шарттары	7 384	2	7 384	14 768
өсиетхаттарды қуәландыру	3 692	2	7 384	11 076
ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі үлеске және бірлескен ортақ меншік құқығында мүлкі бар өзге адамдардың меншік құқығы туралы куәліктер беру	3 692	4	14 768	18 460
мұрагерлікке құқық туралы куәліктер бергені үшін – әрбір берілген куәлік	3 692	3	11 076	14 768
телнұсқа беру	3 692	2	7 384	11 076
кепілгерлік пен кепілдік шарттары	1 846	1	3 692	5 538
вексель наразылығы және чектің төленбегендігін қуәландыру	1 846	1	3 692	5 538
Атқарушылық жазба жасау: - «Нотариат туралы» ҚР Заңының 92-1 бабы 2 тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 8), 10) тармақшаларында көрсетілген даусыз талаптар бойынша - <u>жеке тұлғалар үшін</u> -0,5 АЕК (мембаж) өндіріп алынатын соманың немесе талап етілетін өзге жылжымалы мүліктің нарықтық құнының +0,2 %, бірақ 0,5 АЕК-тан кем емес, 50АЕК-тан артық емес (құқықтық және техникалық сипаттағы көрсетілетін қызметтер);	1 846		0,2% бірақ 1 846 т. кем емес және 184 600 т. артық емес	
<u>-заңды тұлғалар үшін</u> -0,5 АЕК (мембаж) а) өндіріп алынатын соманың немесе талап етілетін өзге жылжымалы мүліктің нарықтық құнының +1 %, бірақ 1 АЕК-тан кем емес, 100 АЕК-тан артық емес (құқықтық және техникалық сипаттағы көрсетілетін қызметтер);	1 846		1% бірақ 3 692 т. кем емес және 369 200 т. артық емес	1 846
б) «Нотариат туралы» ҚР Заңының 92-1 бабы 2 тармағының 6), 7) тармақшаларында көрсетілген даусыз талаптар бойынша -0,5 АЕК (мембаж) осы Заңның 92-1-бабы 2-тармағының 6) және 7) тармақшаларында көзделген міндеттемелер бойынша атқарушылық жазба жасау кезінде құқықтық және техникалық сипаттағы қызметтерге ақы төлеудің төменгі шегі 0,5 айлық есептік көрсеткішті құрайды;	1 846		1% бірақ 1 846 т. кем емес және 369 200 т. артық емес	
в) «Нотариат туралы» ҚР Заңының 92-1 бабы 2 тармағының 9) тармақшасында көрсетілген даусыз талаптар бойынша -0,5 АЕК - (мембаж)	1 846		босатылады	0
Қазақстан Республикасының заңнамасында міндетті нотариаттық қуәландыру көзделген келісулерді қуәландыру	1 846	1	3 692	5 538
құжаттарды және бағалы қағаздарды сақтау (әрбір айға)	369	0,5	1 846	2 215

Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген басқа да нотариаттық әрекеттер	738	7	25 844	26 582
теңіздік наразылығын жасағаны үшін	1 846	5	18 460	20 306
жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін басқа жеке және заңды тұлғаларға бергені үшін	738	0,5	1 846	2 584
құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін бергені үшін	738	0,5	1 846	2 584
құпия өсиеті бар конвертті ашқан және құпия өсиетті жария еткен кезде	738	1	3 692	4 430
құпия өсиетті қабылдау туралы куәлікті берген кезде	738	1	3 692	4 430
нотариус дайындаған электрондық құжаттың қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдейлігін куәландырған кезде: - жеке тұлғалар үшін;	738	0,1	369 за 1 стр.	
- заңды тұлғалар үшін.	738	0,2	738 1бет үшін	
нотариус дайындаған қағаз жеткізгіштегі құжаттың электрондық құжатпен бірдейлігін куәландырған кезде (бір бет үшін): - жеке тұлғалар үшін;	738	0,1	369 за 1 стр.	
- заңды тұлғалар үшін.	738	0,2	738 1 бет үшін	
консультация беруді жүзеге асырғаны үшін нотариус қызметіне ақы төлеу		1	3 692	3 692
нотариат кеңсесінен тыс нотариаттық қызмет көрсеткені үшін көлікке кеткен шығыстарының орны нақты толтырылады, мәміледен бір тарап босатылған жағдайда нотариаттық қызметтер үшін екінші тарап төлейді				

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 617-бабына сәйкес нотариаттық әрекеттер жасаған кезде мемлекеттік баж төлеуден мыналар босатылады:

1) жеке тұлғалар - өздерінің мүлікті мемлекет пайдасына сыйға тарту өсиеттерін, шарттарын куәландырғаны үшін;

2) мемлекеттік мекемелер - оларға мемлекеттің мұраға құқығы туралы куәліктерді (куәліктердің телнұсқаларын) бергені үшін, сондай-ақ осы куәліктерді (куәліктердің телнұсқаларын) алу үшін қажетті барлық құжаттар үшін;

3) жеке тұлғалар - оларға:

Қазақстан Республикасын қорғау кезінде, өзге де мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындауға байланысты не адам өмірін құтқарып қалу, мемлекеттік меншікті және құқықтық тәртіпті қорғау жөніндегі Қазақстан Республикасы азаматының борышын орындауға байланысты қаза тапқан адамдардың мүлкіне;

егер мұрагер мұра қалдырушы қайтыс болған күнге мұра қалдырушымен кемінде үш жыл тұрған болса және ол қайтыс болғаннан кейін де осы тұрғынжайда тұрып жатса, тұрғынжайға немесе тұрғын үй-құрылыс кооперативіндегі пайға;

сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдеріне, мемлекеттік қарыз облигацияларына, еңбекке ақы төлеу сомаларына, авторлық құқықтарға, авторлық гонорар және ашқан жаңалықтар, өнертабыстар мен өнеркәсіптік үлгілер үшін сыйақы сомаларына;

ақталған азаматтардың мүлкіне мұрагерлік құқық туралы куәліктер бергені үшін;

4) Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен

наградталмаған адамдар, мүгедектер, сондай-ақ бала жасынан мүгедектің, мүгедек баланың ата-анасының бірі - барлық нотариаттық іс-әрекеттер бойынша;

5) қандастар - Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға байланысты барлық нотариаттық әрекеттер бойынша;

6) «Батыр Ана» атағына ие болған, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградалған көп балалы аналар - барлық нотариаттық әрекеттер бойынша;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамқоршы тағайындалған созылмалы психикалық аурудан зардап шегетін жеке тұлғалар –өздерінің мүлікке мұрагерлік туралы куәліктерін алғаны үшін;

8) «Қазақстан мүгедектерінің ерікті қоғамы» одағы (ҚМЕК), Қазақ саңыраулар қоғамы (ҚСК), Қазақ зағиптар қоғамы (ҚЗК), сондай-ақ олардың өндірістік кәсіпорындары – барлық нотариаттық іс-әрекеттер бойынша;

9) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар он сегіз жасқа толғанға дейін – оларға мұрагерлікке құқық туралы куәліктер берілгені үшін.

Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңының 30-1 бабының 1-1 тармағына сәйкес өндіріп алушы нотариусқа атқарушылық жазба жасаған кезде мемлекеттік баж ретінде және құқықтық және техникалық сипаттағы көрсетілетін қызметтер үшін төлеген шығыстар борышкердің есебіне жатқызылуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңының 30-1 бабының 2 тармағына сәйкес

Жеке нотариустың нотариаттық іс-әрекеттер жасаған кезде құқықтық және техникалық сипаттағы қызметтер көрсеткеніне ақы төлеуден мыналар:

1) нотариаттық куәландыруға жататын құжаттың жобасын өздері дайындаған жеке және заңды тұлғалар;

2) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 617-бабының 4), 6) және 7) тармақшаларында аталған адамдар;

3) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында тұратын қарттар мен мүгедектігі бар адамдар;

4) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мен жетім балалар;

5) бірінші, екінші және үшінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар;

6) жасына байланысты зейнеткерлер;

7) осы Заңның 92-1-бабы 2-тармағының 9) тармақшасында көзделген талап бойынша өндіріп алушылар босатылады.

«Нотариат туралы» ҚР Заңының 30-1 бабының 3 тармағына сәйкес консультация беруді жүзеге асыру үшін нотариустың көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу 1 АЕК құрайды.